

*Сұлтан
Баймағамбетов*



*Орындаған: Аманхожа А
457 взвод*

- *Сұлатан Біржанұлы Баймағамбетов 1920, Қостанай облысы Әуликөл ауданы Қояндыағаш ауылында жәүниеге келген — 25.7.1943, Ленинград облысы Киров ауданы Синявино поселке дүниеден өткен,*
- *147- полктің пулемет бөлімінің командирі (Ленинград фронты 67- армия, 43 атқыштар дивизиясы)*



Өмірбаян

- Қарапайым шаруа отбасында 1 сәуірде дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айрылып, әпкесі Зейнептің қолында тәрбиеленген.
- 1937 жылы Қояндыағаштағы мектеп өртінен кейін, 6-7 сыныптарын асыраушысыз қалған балаларға арналған Қарақалпақ мектебінде тәлім алған.
- Қатігез мінезі үшін мектептен қуылып, кейін Әулікөл орыс орта мектебіне қабылданып, сол мектепті бітірген.
- Мектептен кейін почтаға кассир болып, кейін Құмсу ауылының почта басшысы болып тағайындалды. Семиозерье ауылына көшіп кетті.



- *1940ж Қызыл Армия қатарына қабылданып, полктік мектепті бітірді.*
- *1941ж маусымынан бастап Ұлы Отан соғысына қатысты.*
- *1942ж ЖСКП өкілі болды.*

- 1943ж 22 шілдеде, Синявино поселкасындағы шайқас:
- Сұлтан қызмет атқарып жүрген бөлімше шабуылға шығу жөнінде бұйрық алды. Фашистер пулеметтен күшті оқ жаудыып, біздің шабуылымызды кідіріп қалды. Осы кезде аға сержант Баймағамбетов дзотқа қарай еңбектей жөнелді. Жауынгерлер демін ішіне тартып, оның әр қимылын қадағалаумен болды. Дзотқа 20-25 метр қалған кезде ол амбразураға дәлдеп бірнеше гранат лақтырды. Жау пулемет расчетының үні өшті. Кеңес жауынгерлері алға ұмтылды, бірақ тап осы кезде жаудың басқа дзотынан оқ атылды. Сұлтан Баймағамбетовтың бір де гранаты қалмады. Ол амбразураға бірнеше дүркін оқ атты, бірақ ештеңе шықпады; жау пулеметі біздің жауынгерлерімізге ажал оғын өршелене жаудыра берді. Жауынгерлер қайтадан жата қалуға мәжбүр болды.
Қазақстандық жауынгер мұны көріп, қайткенде де фашист пулеметінің үнін өшірмек болды. Ол дзотқа еңбектеп барып, кенет ұшып түрегелді де өзінің денесімен амбразураның аузын жапты. Жау пулеметінің үні өшті.
Сұлтанның жауынгер досы, рота командирі Иван Филиппов: «Біздің Сұлтан үшін, алға!» - деп ұран тастап, өз жауынгерлерін шабуылға бастай жөнелді. Ұрыста біз ұттық.

- *СССР Жоғарғы Кеңес Президиумының 1944ж 21 ақпандағы нұсқауы бойыншы, бұйрықты үлгілі орындағаны үшін, ерлік пен батылдық көрсеткені үшін, сержант Баймағамбетовке өмірлік Кеңес Одағының Батрыры атағы берілді.*



Көрсетілген құрметтер:

- Синявинский высоты мемориалындағы туыс бауырлар қабірінде жерленген.*
- Батыр атымен совхоз, Әуликөл ауданының мектебі, Қостанайда көше аталған.*
- Ленинград облысы, Кировск қаласындағы гимназиялардың біріне 2001ж батыр есім берілді, ауласына Батырға арнал, арналған ескерткіш қойылды.*

Марапаттары:

- Медаль «Золотая Звезда» Героя Советского Союза (21.02.1944)
- Орден Ленина (21.02.1944)
- Медаль «За оборону Ленинграда»

